

**Облыс әкімдігінің 2007 жылғы 24 шілдедегі № 254 "Елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу қағидалары туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 30 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 16 ақпанда № 3327 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 125 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012.04.13 № 125 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы 27 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңы 28 бабының 3 тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің 2007 жылғы 24 шілдедегі № 254 «Елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу қағидалары туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3225 тіркелген, «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттерінің 2007 жылғы 25 қыркүйектегі № 118 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

актінің барлық мәтіні бойынша «мемлекеттік басқару» деген сөздерден кейін «және өзін-өзі басқару» деген сөздермен толықтырылсын, «Н.Қ.Әбдібеков» деген сөздер «А.Г.Дубовенко» деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Ақтөбе облысының елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу  
Қ а ғ и д а л а р ы н д а ғ ы :

2 т а р а у а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;  
7 т а р а у д а :

68 тармақта «ұстауға міндетті» деген сөздер «ұстайды» деген сөзімен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

70 тармақта «қамтамасыз ету қажет» деген сөздер «қамтамасыз етеді» деген  
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*О б л ы с                      ә к і м і н і ң*  
*міндетін атқарушы                      І.Өмірзақов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК